ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 20 қазан №4360-23-00-2335 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.М.Бержанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының «Облыстық олимпиадалық резерв даярлау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Барбарис» атауымен әрекет етуші Раймкулов Батыржан Бегайдарулы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,**сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының «Облыстық олимпиадалық резерв даярлау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Барбарис» атауымен әрекет етуші Раймкулов Батыржан Бегайдарулына мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Барбарис» атауымен әрекет етуші Раймкулов Батыржан Бегайдарулы шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Барбарис» атауымен әрекет етуші Раймкулов Батыржан Бегайдарулынан мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 2072 (екі мың жетпіс екі) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж алым сомасы 1787 (бір мың жеті жүз сексен жеті) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 20.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 24.11.2023, судья Бержанов К. М., 26.11.2023
4360-23-3-1/2484

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **К.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 20.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 24.11.2023, судья Бержанов К. М., 26.11.2023

4360-23-3-1/2484